

техническое образование для всех», Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства.

Таким образом, практико-ориентированность и диалог позволяют студентам приобрести необходимый минимум профессиональных умений и навыков, опыт организаторской работы, систему теоретических знаний, профессиональную мобильность и компетентность, что соответствует образовательному стандарту и делает наших выпускников конкурентноспособным гражданином своей страны.

Список литературы:

1. Интернет ресурсы: <https://articlekz.com/article/7220>
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан г. Нурсултан на 2020-2025 год <https://kaznpu.kz/ru/2377/notice/>

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БАҒАЛАУ МЕН КЕРІ БАЙЛАНЫСТА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Хаджи-Мұхан Назгүл Хаджи-Мұханқызы,
пед. ғыл. магистрі, тарих пәні мұғалім-модераторы,
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ, Ақтөбе қ.

Аннотация

Өзектілігі – Мақала қашықтан оқытуда білім беру платформаларының сабақ процесіндегі кері байланыс пен бағалаудың тиімділігі баяндалады. Оқыту процесіндегі білім беру платформалары талданып, олардың артықшылығы мен қолданбалы сипаты түсіндіріледі. Қазақстан тарихы пәні негізінде Learnis.ru веб-сервисінің жұмысы тапсырмалар құрастырылып, оқушыларға ұсынылып, кері байланыс алынған. Автор білім беру платформаларының функциясын талдап, өнімдерін және олардың сабақта қалай тиімді қолдануға болатындығын түсіндірген.

Мақсаты – Білім беру платформаларын сабақ үдерісінде қолдану арқылы қашықтан оқытуда оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, пәнді жүргізу әдістемесін тиімділігін дамыту.

Түйінді сөздер: қашықтан оқу, ақпараттық-технология, платформа, веб-сервис, геймификация.

Аннотация

Актуальность – В статье описывается эффективность обратной связи и оценки образовательных платформ в процессе обучения при дистанционном обучении. Анализируются образовательные платформы в процессе обучения, объясняются их преимущества и прикладной характер. Работа веб-сервиса Learnis.ru по теме истории Казахстана была разработана, представлена студентам и получила отзывы. Автор анализирует функции образовательных платформ и объясняет их продукты и способы их эффективного использования в классе.

Цель – повысить интерес студентов к предмету дистанционного обучения за счет использования образовательных платформ на уроках, развить эффективность методов обучения.

Ключевые слова: дистанционное обучение, информационные технологии, платформа, веб-сервис, геймификация.

Abstract

Relevance – The article describes the effectiveness of feedback and evaluation of educational platforms in the learning process in distance learning. Educational platforms in the learning process are analyzed, their advantages and applied nature are explained. The work of the Learnis.ru web service on the history of Kazakhstan was developed, presented to students and received feedback. The author analyzes the functions of educational platforms and explains their products and how to use them effectively in the classroom.

The goal is to increase students' interest in the subject of distance learning through the use of educational platforms in the classroom, to develop the effectiveness of teaching methods.

Keywords: distance learning, information technology, platform, web service, gamification.

Жаһандық пандемия салдары қоғамның барлық салаларына зор ықпал етті. Білім беру жүйесі үшін жаңа дәуір-қашықтан оқыту мен аралас оқытуға көшуге тура келді.

Елімізде жарияланған төтенше жағдай мектеп оқушылары мен мұғалімдері үшін ортақ күш жинап, бірігіп қашықтан оқыту түріне шұғыл көшуге дайындалған болатын. Бұл дайындыққа мұғалімдердің АКТ-ны, оқытудың интерактивті әдістерін, оқушылардың танымдық және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған сабақтарды ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолданудағы тәжірибесі ықпал етті. Қазіргі білім жүйесі ақпараттық-технологиялық сауаттылық пен цифрлық біліктілікті талап етеді, ал елде, жалпы дүниежүзінде қалыптасқан ахуал осы дағдылардың жүзеге асырылуына сынақ болды. «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», – Ы.Алтынсарин айтқандай мұғалімнің пәндік контентті түсіндірудегі кәсіби біліктілігін шыңдауы бүгінгі күн тәртібінде тұрған басты мәселе.

Жаңа формацияның мұғалімі деген кім? Жаңа формацияның мұғалімі – жаңа заманға сай өзгерген мұғалім. Қазақстан Республикасының білім беру Тұжырымдамасында: «Жаңа формацияның мұғалімі – кәсіптік дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа жаны құмар, рухани дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға», – деп нақтыланып көрсетілген [1; б 2]. Ал жаңа формация мұғалімін қалыптастыруға қойылатын негізгі талап – жаңа технологияларды меңгеру болғандықтан, жаңа формация мұғалімі кәсіби шеберлік пен бірнеше құзіреттілік түрін игеруге міндетті.

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Білім жүйесі қашықтан оқытуды жүзеге асыру мақсатында онлайн білім беру платформаларды сараптамадан өткізді. «Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» Президент Қ.К.Тоқаев жолдауында қашықтан оқытудың жай-күйі жөнінде мәлімдеген болатын [2; б 4].

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты: сапалы білім беру қызметін алуда азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту; олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету. Сонымен қатар, әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттыру. Бүгінде, информация өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде, білім алу кез келген оқушының қалаған маман болып қалыптасуына зор ықпал ететіні сөзсіз. Онлайн оқыту кезінде оқушының пәнге қызығушылығын қалай арттыруға болады? Дәстүрлі жүйеге үйренген мұғалім мен оқушыларды ақпараттық-технологияның беріп отырған мүмкіндіктерін қаншалықты пайдалы, тиімді қолдануға болады? Microsoft Teams, ZOOM, Google Classroom, Bilimland білім беру платформалары арқылы қашықтан оқыту процесі бейне сабақтарды трансляциялауға, чатта сөйлесуге, сабаққа арналған пайдалы материалдарды жариялауға, сабақ кестесін орналастыруға, білімді бақылауға және т. б. мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қашықтан оқытуда оқу үдерісін оқу бағдарламасы мен оқу мақсатына сай қызықты, мазмұнды өткізу мақсатында дидактикалық ойындарды қамтитын «learnis.ru», «wordwall.net», «baamboozle.com», «umapalata.com», «purpose-games.com», «studystack.com», тест пен викториналық сұрақтар құрастыруда «kahoot.com», «Google Forms», «quizalize.com», «onlinetestpad.com», «wooclap.com», «classtime.com», интерактивті видео құрастыруға «learnis.ru», «go.playposit.com», айтылым дағдысын тексеріге және кері байланыс алуға-«Flipgrid», графиктерді құрастыруға-«Geogebra», «desmos.com», «fxsolver.com», инфографика жасау үшін- «canva.com», сабақ барысында флеш-карточкаларды қолдану үшін-«barabook.ru», «genial.ly», «pro-profs.com», «flippity.net» білім беру ресурстары қашықтан оқыту процесін қызықты әрі мазмұнды өткізуге ықпал етеді. Қазіргі кезде адамзат дамуының ерекше артықшылығы-

ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы болып табылады. Мұғалім тәжірибесін бөлісу мақсатында – «sites.google.com», «eduardo.studio», «zenclass.ru», «bulbapp.com» жеке сайты жасақтай алады.

Білім беру порталдарының ішінде «Learnis.ru» платформасын оқыту процесінде бағалау мен кері байланыс беруде қолданудың тиімділігіне тоқталып өтейін. «Learnis.ru» WEB-ресурсы веб-квест, викторина, интеллектуалды онлайн ойындарды құруға арналған білім беру платформасы [3]. «LEARNIS» сервисінің негізгі функциялары:

- Веб-құралда оқу мақсатына қатысты тапсырмаларды құрастыру;
 - Веб-құрал арқылы оқушыларды автоматты түрде бағалауды тексеру;
 - Оқушылардың кері байланысын ұйымдастыру;
- Learnis онлайн – құралды қолданудың мүмкіндіктері:
- Берілетін тапсырмаларды веб-квест арқылы түрлендіру;
 - Пәнге қатысты терминологиямен жұмыс жүргізу мүмкіндігі;
 - Интерактивті-видео арқылы тапсырмалар орындау;
 - Оқушылардан кері байланыс алу;

Білім беру платформасын өз пәнінде қолдану үшін, «google.com» арқылы «learnis.ru» сайтына өтіп, алдымен тіркеледі. Жұмыс аймағында 4 өнім ұсынылады. Олар: «Бөлемеден шық» аталатын веб-квест ойындары, «Сенің викторинаң» сабақты қызықты викториналық сұрақтар негізінде өткізуге, «Маған түсіндір» терминдермен жұмыс алаңы, әсіресе жаңа тақырып өткенде тақырыпқа қатысты лексика мен терминологияны түсіндіруге, әрі есте сақтауға таптырмас құрал. Сабақтың қызығушылығын ояту мақсатында мұғалім тақырыпқа қатысты түрлі бейне роликтерді пайдаланады немесе үй тапсырмасы есебінде оқушыларға youtube.com сайтынан тақырыпқа қатысты видео қарауға тапсырма береді. Оқушылардың үй тапсырмасына берілген видеоны қараған, қарамағандығын бақылау мақсатында «Интерактивті видео» веб-сервисінің септігі зор.

Қазіргі заманғы тақырыптық және оқу платформалары ақысыз виртуалды зертханалық жұмыстарды кеңінен ұсынуда. Браузерлердегі онлайн-аударма мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылар жұмысты өз бетінше орындай алады. Мұғалім жұмыстың кезеңдерін, мақсаттардың, міндеттердің, гипотезалардың тұжырымдамасын бейнеқоңырау, сауалнама, жауаптарға арналған жұмыс парағы, аудиохабарламалар және т. б. арқылы бағалай алады.

Қазақстан тарихы пәні негізінде бұл сервисті қалай қолдана аламыз? 7 класс оқу бағдарламасына қатысты «Атлах шайқасы халықтар шайқасы болды ма?» тақырыбын талдап көрелік. Ең алдымен, «Бөлемеден шық» аталатын веб-квест ойындарын іс қосу үшін Microsoft Power Point бағдарламасы арқылы 1. Атлах шайқасы қандай халықтар арасында болды?

А) Қытай-араб, түркеш, В) түркеш-қарлұқ, араб, С) қаракытай-араб, қарахан, D) түркеш-қытай, оғыз. 2. Атлах қаласы маңында қытай және араб әскерлерінің арасында соғыс қай жылы болды?

А) 750 жылы В) 754 жылы С) 751 жылы D) 745 жылы. 3. Атлах шайқасы неше күнге созылды?

А) 7 күнге В) 10 күнге С) 5 күнге D) 4 күнге. 4. Шайқас барысында қарлұқтар жаппай кімдерге болысты? А) қыпшақтарға В) арабтарға С) қытайларға D) түркілерге. 5. 751 жылы жан жаққа тараған дін: А) будда В) христиан С) заростризм D) ислам тест сұрақтарын, құрастырып алып, PnJ, GPEG графикалық файлына ауыстырып, «Бөлемеден шық» веб-квест сервисіне жүктейміз. Сұрақтар автоматты түрде сайтқа жүктеледі және оқушыларға сілтемесі ұсынылады. Оқушылар аты-жөнін, класын жазып квест ойынын орындайды. Оқушыларының жас ерекшелігіне сай құрастырылған бұл ойын, әсіресе 7 класс оқушылары ерекше қызығушылықпен, берілген тапсырмаларды ынтамен орындайды.



1 кесте. Қашықтан оқытудың тиімділігі

«Бөлемеден шық» веб-квест ойынының ерекшелігі-оқушыларда сын тұрғысынан ойлау, талдау, бағалау сияқты жоғары деңгей дағдыларын дамытуға септігі зор. Келесі «Сенің викторинаң» аталатын сервисте де оқушыларды сабақ үрдісінде жарыс ретінде ұйымдастырып, әрқайсысы мүмкіндігінше ұпай жинап, білімді игеруге жақсы құрал ретінде пайдалана алады. Кез-келген пәнде жаңа тақырыпты түсіндіргенде сол тақырыптың лексикологиясы мен терминологиясы қатар жүреді. Жаратылыстану, гуманитарлық пәндерде жиі кездесетін терминдер оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, пәндік контентті игеруде ықпал етеді. «Маған түсіндір» веб-сервисі тақырыптық терминдермен жұмыс жүргізуге өте ыңғайлы. Тапсырмаға 60 секунд автоматты уақыт береді, сол уақыт ішінде оқушы жауап беріп үлгеріп өз нәтижесін көрсетеді. «Интерактивті видео» веб-сервисінде «Атлах шайқасы халықтар шайқасы болды ма?» тақырыбы аясында оқушыларға youtube.com сайтынан «Атлах шайқасы» видеосы үйге беріліп, сұрақтар құрастырылады. Сұрақ видеоның мазмұны негізінде ұсынылады және оқушыларға сілтемесі жіберіледі. Оқушылар тарихи сюжетті қарай отырып, сұрақтарға қатар жауап береді. Мұғалім үй тапсырмасына берген жұмысын оқушылардың нәтижесі арқылы бақылап отырады. Қазіргі заманғы білім беру порталдары оқушылардың жас ерекшелігін, қабілетін, қызығушылығын ескеріп құрастырылған және сабақ үдерісін қызықты, әрі сапалы өткізуге мүмкіндігі зор. Күнделікті сабақты түрлендіріп өткізуде оқушыны жалықтырмай, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, әрі пәнді геймификация арқылы тиімді өткізіп, білімін бағалап, кері байланыс беруге өте ыңғайлы орта. Қашықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз [4; б 21].

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», – К. Д. Ушинский айтқандай мұғалім өз тәжірибесін, біліктілігін үнемі дамытып отыру қажет. Бүгінгі таңда әлемде қалыптасқан ахуал, әсіресе мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру, үздіксіз білім алуы елдің жарқын болашағына ықпал етері анық.

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 2015-2020 жж.білім беруді реформалаудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру. – Астана, 2014, –174 б.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек
3. www.learnis.ru /образовательный портал
4. Полат Е.С. Дистанционное обучение: Учебное пособие для вузов.– М., 2008.